

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА			
Апта нөмірі		№20			
Күндері		17.01 - 21.01.2022			
Өтпелі тақырыптың атауы		Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds			
Мекеменің атауы, тобы		Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы			
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.			
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға, құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсаты. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу), Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды жұмып-ашу). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел аузынан). Мақсаты. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Сауысқан (ел ауызынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқаңдатқан сауысқан.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан) Мақсаты. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырап, Торғай-торғай топтанған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған.	Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні). Мақсаты. Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжен, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сатпа көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев	Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады". Мақсаты. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау) Қанаттарын кең жайып. (алақандарды ашып-жинау) Торғай ғана қалады, (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) Көкке қарап мұңайып. (алақандарды бір-біріне қосып, қысу) – Кел, торғайым, мұңайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру") Жылытайық бойыңды. (алақандарды өзара уқалау) Д. Ахметова
Таңғы жаттығу (5мин)	Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. - Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. - Құстардай ұшайық, Бұтаға отырайық. Дәндерді шоқып, Аяққа тұрып, Шеңберді құрып, Күнге созылайық.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Құстар жем шоқиды". Мақсаты. Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұрыс малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру. <i>"Құстар, құстар, келіндер" жаттығуының жалғасы.</i> Дене шынықтыру. "Құстарға жем шашайық". Мақсаты. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге үйрету; допты алысқа лақтыру техникасының дағдыларын меңгерту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру. Балалардың допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, допты алысқа лақтыра білу ептілігін дамыту; допты лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін қалыптастыру; оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. <i>"Тоқылдақ" қимыл ойыны.</i>	Көркем әдебиет. "Шұбар тауық" ертегісі. Мақсаты. Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. <i>"Жұмыртқаға не жасырдың?" жаттығуы.</i> Музыка. "Суық торғай". Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру. <i>"Мысық пен торғайлар" ойыны.</i>	Құрастыру. "Жемшашар". Мақсаты. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. <i>Құрылыс нәтижесімен ойнату. "Құстар жемді шоқып отыр".</i> Дене шынықтыру. "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсаты. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар туралы білімдерін толықтыру. <i>"Көгершіндер мен мысық" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Ауладағы құстар". Мақсаты. Балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру. <i>"Құстарға қалташалар" дамытушы жаттығу рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Құстармен бірге ойнайық". Мақсаты. Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың ұшымен жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау. <i>"Тоқылдақ" қимыл ойыны.</i>	Музыка. "Жем берейік уыстап". Мақсаты. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру. <i>«Сылдырмақ» музыкалық-дидактикалық ойыны.</i>

Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). Мақсаты. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. "Құстар, құстар, келіңдер". Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Төтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне соғылып қалумауларын қадағалау керек. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсаты. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қораз" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды қораздың (өтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді. - Балалар мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшандыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Сары шымшықты бақылау. Мақсаты. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту. "Сары шымшық." Сары шымшық шиқылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: ирелеңдеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). Мақсаты. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бөрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ қарды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". Мақсаты. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай, жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.	Жемшашарға қонған құстарды бақылау. Мақсаты. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызуды қажеттілігін түсіндіру; құстарға аяушылық сезімін ояту. - Балалар, қараңдаршы, бұл жемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шоқиды. Педагог көркем сөзді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық, Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
--------	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балалардыкиімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсаты. Балаларды шеңберді бірігіп құру қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет.	Ойын-имитация. "Қайсысы қалай ішеді?" Мақсаты. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну. "Тауық қалай ішеді?" Тұмсығын тек малады, Бір тамшылап алады. Әзер жұтар шалқайып, Бүлк-бүлк етіп тамағы. - Бұл қалай су ішкені? - Тірі азапқа түскені. С. Боранбаев"	Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының өні). Мақсаты. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжені, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сапта көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев	"Сары шымшық" қимылды жаттығуы. - Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік. Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды. - Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру) Қыстап жүрген батыл құс. Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам қағу) Жылдам-жылдам қағады. Ұшып-ұшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру) Шоқып-шоқып дөңдерді, (Баспен шайқау) Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру) - Жарайсыңдар, балалар!	"Шұбар тауық" ертегісін сахналау. Мақсаты. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту. – Ай-ай-ай! Шұбар тауық! Қайдан аламыз тауып, Алтын тастай жұмыртқанды? Ұстай алмаймыз сұр тышқанды. Шұбар тауық; – Шұбар болсам, қайтейін, Бір жұмыртқа берейін. Алтын емес, жай емес, Аппақтарға сай емес, Шұбар екен жұмыртқам Қабығы да жұп-жұқа. Пісіріңдер, алыңдар, Тасқа жарып алыңдар.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	- Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова	"Жармадан "қамыр илейік" дамытушы жаттығуы.	Саусақ жаттығуы. "Қолғап". - Қане, қолғапты киеміз, Бір қолды салып көреміз, Екінші жұп қолғапты Киіп алсақ – жарап тұр. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Балапан". - Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: Шиық-шиық. Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек.	"Құстарға жем". Мақсаты. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				